



# Жоспар:

- 1. Діннің құрылымының элементтері.
- 2. Алғашқы қоғамдық қауымның діни сенімдерінің түрлері.
- 3. Діни ұйымдардың түрлері.

- **Дін дегеніміз** - әлемді танудың ерекше формасы, жоғарғы күштерге сену арқылы моральдық нормалар мен әр түрлі культтық дәстүрлерге бағыну.

● Дін қоғамдық үлкен жүйенің бір бөлігі болып табылады. Діннің жүйелік құрылымы өте күрделі. Ол негізінен үш түрлі элементтерден тұрады.

● 1. Діни санадан;

● 2. Діни мінәжаттан;

● 3. Діни ұйымдардан.

- **Діни сана** діннің негізгі элементтерінің бірі. Діни сана қоғамдық сананың ежелгі формаларының бірі. Діни сана екі деңгейден тұрады.
- **Бірінші деңгейі-діни идеология.** Діни идеология дегеніміз-белгілі бір тәртіпке, жүйеге келтірілген діни ойлардың жиынтығы. Діни идеология діни ғұламалардың, діни қайраткерлердің жасаған идеясының жүйесі.
- **Екінші деңгейі-діни психология.** Діни психология дегеніміз белгілі бір дінге байланысты адамдардың сезімдерінің, көңіл-күйлерінің, мінез-құлықтарының жиынтығы.

Діни құрылымның келесі элементі **“діни мінәжат”** болып табылады. Діни мінәжат діндер өмірінде, дінді ұстанушылар өмірінде және қоғам өмірінде үлкен орын алады. Діни мінәжат дегеніміз-белгілі бір объектіге ықпал етуге бағытталған адамдардың жалбарыну сөздері мен практикалық дене қимылдарының жиынтығы. Мысалы, әлем діндерінің бірі-ислам дінінде намаз оқумен қатар, ораза тұту, құрбандық шалу, дін ғұрыптарын ұстану, діни салттарды орындау сияқты ғибадат етудің көптеген түрлері бар.

● Дін құрылымының үшінші негізгі элементі **діни ұйымдар**. Діни ұйымдарға ең алдымен шіркеулер, мешіттер, ғибадатханалар жатады. Сонымен қатар діни оқу мекемелері, діни мүліктер, діни қозғалыстар жатады. Шіркеулер, мешіттер діндердің біршама дербестігі бар институттары, мекемелері. Шіркеу мен мешіттер белгілі бір дінді ұстанатын адамдардың мінәжаттарын ұйымдастыруға көмектеседі.

Бүгінгі ғылымда діннің пайда болуы туралы екі теория бар. Олар “*прамонотеизм*” және адамзат тарихындағы “*дінге дейінгі кезең*” теориялары. “Прамонотеизм” концепциясы әлемдегі тайпалар мен халықтар әуелгі баста бір құдайға иланған, көпқұдайлық кейін пайда болған деген тұжырымға негізделеді. “Дінге дейінгі кезең” теориясы алғашқы қауымдық құрылыста адамдарда ешқандай дін болған емес деген қағидаға сүйенеді.

Көне діндердің пайда болуы мен эволюциялануы мәселесіне бірнеше ғылыми көзқарас бар: *эволюциялық көзқарас* (Чарльз Дарвиннің “Түрлердің шығуы” теориясы, 1859); *әлеуметтік көзқарас* (Огюст Конттың теориясы; ол бойынша дін – адамның рухани даму жолының алғашқы сатысы); *анимистік теория* (теорияның негізін салушы Э.Б. Тайлор) және *функционалдық көзқарас*. Соңғысының авторы – К.Маркс дін қоғамдық қатынастар жүйесінің бөлігі ретінде пайда болды деген тұжырымға келді.



● Ғылымда осылармен қатар діннің көне наным нысандары да бар. Олар – *фетишизм, тотемизм, анимизм, магия және шаманизм*.

● *Фетишизм* (“ерекше қасиеті бар зат” португал. сөзінен) – жансыз заттардың табиғаттан тыс қасиетіне, олардың магиялық қуатына деген сенімге негізделген. Фетишизм пұтқа табынудан, бойтұмар тағынудан, т.с.с.-дан айқын көрінеді. Бұл заттарда рухтардың, аруақтардың, тотемдердің қуаты бар деп саналады. Яғни, бұл өмірдегі күнделікті заттар құдыреттің символына айналдырылады. Осыдан о дүние туралы, табиғаттан тыс күштер туралы сенім қалыптасады.

● **Тотемизм** - (ототеман – Солтүстік Америка үндістерінің тілінен, “оның тегі” деген мағына береді) өсімдіктер және жануарлардың адамға қанды туыстық қатынасы бар деп түсіну. Ертедегі рулық қоғамда аң аулау мен үй жануарлардың адам өміріне, оның өмірі тікелей сол жануарларға байланысты болғандықтан (жануарларды тамақ, киім, көлік ретінде пайдаланды), малдардың алдында ризашылығын білдіріп, жануарлардың бірнеше түрлерін киелі етіп қарастырды. Қазіргі кезде әрбір діннен тотемнің ізін табуға болады. Міне, осы күнге дейін Африка континентін тотемдік жер деуге болады. Үнді мемлекетінде тотемдік көрініс - сиыр. Сиырды құрметтеп, киелі деп есептеп, оның етін жемейді.

● **Анимизм** (латын тілінде *animus* – жан, рух) - деген жан бар дегенге сену, алғашқы қауымдық құрылыста пайда болған құбылыс. Анимизмнің алғашқы түрі аниматизм деп аталады. Аниматизмдік түсінік жан мен тән (дене) бірге өмір сүреді. Тән өлсе немесе қираса, жан да өледі. Ал анимизмде «жан» тәннен дербес өмір сүре алады. Әлем бұ дүние және о дүние болып бөлінеді. О дүниеде рухтар мекен етеді. Бастапқыда бұл рухтар осы дүниедегі қасиеттердің бәріне ие болып келген. Бертін келе рух, жан дегендер материалдық емес денелер деген ұғым орныққан.

● Мұндай түсініктің ертедегі адамдардың көптеген құбылыстарды білмеуі, түсінбеуінің нәтижесі.

Жаратылыстан тыс күштер шақыратын тұтастай ғұрыптар жүйесін құрайтын көнедегі нанымдардың бірі – *магия* немесе тылсым (“ауызекі сөзде сиқыр, аяр, жады” деп те атайды). Бұл да анимизм және тотемизм қатарлы дүниеге келген құбылыс. Оның негізінде де рухқа, жанға иланым жатыр. **Магияның** тарихи және дүниетанымдық эволюциясын зерттеген адам Дж. Фрезер. Ол өзінің “Алтын бұтақ” атты көлемді еңбегінде магияны көне дін емес, қарапайым ойлау тәсілі, наным түрі деген тұжырым жасайды. Оның ойынша, магия жоғалған жерде дін пайда бола бастайды. Дін күдіретке сенім, соған тәуелділік арқылы адамның өзін өзі тануына мүмкіндік ашады.

Алғашқы діни сенімдердің ішіндегі ең күрделісі - **шаманизм (бақсылық)**. Бұл діни сенім Сібір, Солтүстік Америка, Орта Азия, Қазақстан жерлерінде тараған.

Бақсылар - жер бетіндегі “жындармен” сөйлесе алатын болғандықтан, қарапайым адамдар бақсыларға сенетін де, олардан қорқатын.

Қазақ бақсылары өздерінің тәжірибесінде арнайы бақсылық өлең-сарынды пайдаланды. Қазақ бақсылары қобыз, қамшы пайдаланды.

Бақсылар өздерінің “жынын” қызыл шұбар айдаһар, “қара шұбар жолбарыс”, “зу тісі балғадай қара бура”, “бір мүйізі жер тіреген көк бұқа” т.б. қаралы дауыл бейнесінде алады. Бақсылықтың негізгі мазмұны – шын шайтанға сену, олармен “тілдесе” алатын қабілеті барлығына көпшілікті сендіру. Бақсылықтың өзіндік мифологиясы да бар. Әртүрлі аңыз-ертегілерде бақсылардың жалаң аяқ қызған темірді басқаны, оны тілмен жалағаны, өткір пышақтың үстімен жүргені т.б. аңыздары бар.

● **Мифология дегеніміз** – адамдардың өздерін қоршаған орта туралы түсінігін тарихи, өздігінен болды деп сенетін түрлі бейнелер, кейіпкерлер мен оқиғалар арқылы жеткізу. Бірақ, бұл бір ғана құбылысқа, жеке бейнеге, бір оқиғаға қатысты болса, ол миф деп аталады.

● **Мифтер** өзінің мазмұнына қарай *космогониялық* (әлемнің жаратылысы туралы), *теогониялық* (құдайлардың пайда болуы туралы), *астрогониялық* (планеталар мен жұлдыздардың пайда болуы туралы), *антропогендік* (адамның пайда болуы туралы), *этногендік* (рулар мен тайпалардың пайда болуы туралы), *эсхатологиялық* (ақырзаман, топан суы туралы), қаһармандық, т.с.с. болып бірнешеге тарайды.

- 3. «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 15 қаңтардағы Заңы бойынша жергілікті діни қауымдастықтар, діни орталықтар, сондай-ақ, діни оқу орындары мен ғибадатханалар Қазақстан Республикасындағы **діни бірлестіктер** деп танылады. Осы заң бойынша азаматтар діни бірлестіктер құра отырып, ұйымдаса алады. Заң бойынша діни ұйым құрып, Әділет министрлігінде тіркеле алады.

# Діни бірлестіктер

Діни мекеме (мешіт, шіркеу, синогога және діни оқу орны т.б.)

Секта ( лат. «ойлау тәсілі, ілім, бағыт»)

Деноминация (лат. *denomen* – «атын өзгерту»)

**Орталықтан-дырылған (бір ортаға бағынатын) құрылымы және төменнен жоғарыға дейінгі басқару жүйесі бар.**


Әдетте орнықты діни ілімге оппозициялық ағым, әлеуметтік, дүниетанымдық, ғұрыптық қарсылық түрінде пайда болады, тек өзінің ұстанған жолының дұрыстығына күмәнсіздігімен ерекшеленеді.

Секталарға тән нәрсе— өздерінің құдайдың қалаулы адамдары екендігіне берік сенім, оқшауланушылық,

Басқа діни бірлестіктерден бөлініп шығады, не әуелі бастан дербес қалыптасады. Оған тән нәрселер: иланушылардың құдайдың қалаулы пенделері екендігіне деген сенім; оқшаулану міндетті саналмайды; қоғам өміріндегі және діни тұрмыстағы белсенділік; қауымның мүлтіксіз ұйымдық тәртібі; мүшелерінің құқықтық теңдігі және басшыларының сайланбалылығы; дін




# ● Қазақстандағы басты діндер



Ислам

67-70 %

Христиан



Католик

Православ

Протестант

- Бүгінгі күні Қазақстан Республикасы - 40 -тан астам конфессия өкілдері, сондай-ақ 130 ұлт пен этникалық топ өкілдері бейбіт және келісімде өмір сүре алатындығының бірден бір мысалы.



<b>Қазақстандағы діни қоғамдастықтар саны</b>	<b>4173</b>
<b>1990 жылы олардың саны небәрі</b>	<b>670</b>
<b>Ислам бірлестіктерінің саны</b>	<b>46-дан 2441-ге дейін өсті</b>
<b>Православие Шіркеуінің саны бес есе артты</b>	<b>62-ден 293-ке дейін</b>
<b>Католик Шіркеуінің бірлестіктер саны</b>	<b>42-ден 86-ға дейін</b>
<b>Евангелиелік христиан - баптистер қоғамдастықтары</b>	<b>168-ден 362-ге дейін</b>
<b>Жетінші күн адвентистері</b>	<b>36-дан 66-ға дейін</b>
<b>Иегова Куәлары бірлестіктерінің саны</b>	<b>27-ден 78-ге дейін</b>

Қазақстанда соңғы кезде түрлі діни ағымдардың саны өсіп келеді. Нақты айтатын болсақ, 90- жылдары діни ағымдардың жалпы сан 10 болса, бүгінде олардың саны шамамен 160-тан асады. Соңғы кезде «Благая весть», «Грейс Благодать», «Жатва» сияқты пресвитериандық бағыттағы қауымдар мен шіркеулер белгілі бола бастады. Ал исламдық жаңа діни бағыттардан «Хизбут-Тахрир», «Уахабшылдық» (Салафиттер деп аталады), «Таблиғи жамағат» (немесе «дағуатшылар»), Исмаилиттер, Ахмадие және т.б. атауға болады.

- Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен Астанада 2003 жылы 2006, 2009, 2012 және 2015 жылдары әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің бес рет съезі өтті. Бұл форумдар елдің сыртқы саяси бағдарының дұрыстығын көрсетіп қана қоймай, конфессияаралық ынтымақтастықтың бірегей қазақстандық үлгісінің тиімділігінің куәсі болды.
- Конфессиялар арасында өзара қарым-қатынасты нығайтудағы қадамдар жасалу үстінде.

- Қазіргі уақытта Республикада 384 миссионер жұмыс істейді, олардың 20-нан астамы шет елдерден, ал 1990 жылы олардың саны 12 адам болатын.

Құрбан айт пен Рождество Христово сияқты діни мейрамдар Қазақстанда демалыс күндері деп жарияланған.

## **1- тапсырма**

Діннің жүйелік құрылымдары қандай?

## **2-тапсырма**

Қазақстанның қазіргі діни жағдайы?

## **3-тапсырма**

Дін құрылымының үшінші негізгі элементін сипаттаныз.

## **4-тапсырма**

1995 жылы қабылданған Қазақстан Республикасы Конституциясының 22-бабының бірінші тармағында не деп жазылған?

## № 2 СӨЖ

(Студенттердің өздік жұмысы)

**1-тапсырма:**

*Мифтер өзінің мазмұнына қарай ... бөлінеді?*

**2-тапсырма:**

*Фетишизм -*

**3-тапсырма:**

*Тотемизм -*

**4-тапсырма:**

*Анимизм -*

**5-тапсырма:**

*Магия, шаманизм -*



## ● Семинар 2

- Египет, Шумер-Аккад, Вавилон, Ассирия мемлекеттерінің діни-наным сенімдері.
- Ертедегі грек діндері.
- Ертедегі Рим діндері.
- Ертедегі славян діндері.
- Ежелгі Қазақстандағы діни сенімдер.
- Діни ұйымдар